

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 166 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 тамыздағы N 740 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің білім беруге 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 9, 93-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 166 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

кіріспеде "15" деген сандардан кейін ", 15-1" деген сандармен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің білім беруге 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"077 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитындарға стипендиялар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер". "

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов